

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

**7М01101 – ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ**

**Педагогика және психология білім беру бағдарламасы**

№	ПӘНДЕР АТАУЫ МЕН ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ	ECTS
	<b>БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІ (БП)</b>	
	<b>ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ (ТК)</b>	
1.	<b>Ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдістері</b>	
	<p>Мақсаты: білім беру бағдарламасының жалпы мақсатына сәйкес келетіндей болашақ маманның кәсіби іс-әрекеті бағытындағы ғылыми ізденіс негіздері мен зерттеу дағдыларын дамыту.</p> <p>Мазмұны: Әдіснама туралы түсінік. Әдіснама деңгейлері. Ғылыми зерттеулердегі теория, тұжырымдама, стратегия, көзқарас. Психологиялық-педагогикалық зерттеудің ұғымдық-категориялық аппараты. Психологиялық-педагогикалық зерттеудің кезеңдері. Ғылыми зерттеу әдістерінің жіктелуі: теориялық, эмпирикалық, салыстырмалы-тарихи, математикалық және статистикалық өңдеу және нәтижелерді интерпретациялау әдістері. Нәтижелерді өңдеу, рәсімдеу, ендіру. Ғылыми сөйлеу мәдениеті. Ғылыми зерттеу жүргізудегі педагог -психологтың мәдениеті. Құзыреттіліктер: педагогикалық менеджмент саласында ғылыми зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру.</p>	5
2.	<b>Психологиялық қызметтің ғылыми-теориялық негіздері</b>	
	<p>Мақсаты: психологиялық қызмет негіздері туралы ғылыми-теориялық білімдерді меңгеру.</p> <p>Мазмұны: психологиялық отандық және шетелдік қызметтің қалыптасуы және құрылымы. Білім беру ұйымдарындағы қазіргі психологиялық қызметтің әдіснамалық принциптері мен негізгі мәселелері. Оқу орнындағы психологиялық жұмыс. Оқу орнының білім беру үрдісі субъектілерінің қызметіне психологиялық қолдау көрсету.</p> <p>Құзыреттіліктері: білім беру ортасында психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуді ұйымдастыра білу.</p>	5
3.	<b>Психология мен білім берудегі мәдени-тарихи және қызметтік тәсілдер</b>	
	<p>Мақсаты: таным әдіснамасы мен білім беруді жобалауды меңгеру, онтогенездегі жоғары психикалық функцияларды дамытудың психологиялық ерекшеліктері мен заңдылықтарын түсіну</p> <p>Мазмұны: Психология мен білім берудегі әрекеттік тәсіл. Бала психикасын дамытуды зерттеу әдістері. Мәдени-тарихи психологияда психиканы дамыту мәселелері. Сана тәртіп психологиясының мәселесі ретінде. Ой мен тіл тарихи-мәдени психологияның мәселесі ретінде.</p> <p>Құзыреттіліктері: өз тәртібін басқару, өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеру.</p>	5
4.	<b>Психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі ақпараттық-статистикалық әдістер</b>	
	<p>Мақсаты: магистранттарды ұлттық педагогикалық білім жүйелері мен ғылыми және ғылыми-дістемелік қызмет мақсаттары мен міндеттері туралы білім ерекшелігін пайдалануға үйрету.</p> <p>Мазмұны: Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық зерттеулерге ақпараттық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесін әзірлеу. Нақты статистикалық әдісті тағайындау және оны психологиялық-педагогикалық зерттеуде қолдану мүмкіндігі.</p> <p>Құзыреттіліктері: статистикалық деректерді автоматтандырылған өңдеу жүйелерін қолдана білу.</p>	5
5.	<b>Білім алушылардың кәсіби және жеке өзін-өзі анықтауы</b>	
	<p>Мақсаты: мектеп оқушыларының кәсіби және тұлғалық өзін –өзі анықтау жұмыстарын ұйымдастыру білімі мен дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Мазмұны: Тұлғаның өзін-өзі анықтауы және оның түрлері. Тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастырудың психологиялық алғышарттары. Кәсіби карьера. Кәсіби бағдарды жүзеге асыру принциптері. Шет елдік кәсіби бағдарды ұйымдастыру тәжірибесі. Мамандықтар сипаттамалары мен жіктемелері</p> <p>Құзыреттіліктері: білім алушылардың кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтауын өзектендіру үшін кеңестер, әңгімелер, тренингтер өткізу қабілеті.</p>	5

6.	<b>Ақпараттық-педагогикалық оқыту технологиялары</b>	
	<p>Мақсаты: магистранттардың ақпараттық-педагогикалық оқыту технологиялары туралы білімін қалыптастыру</p> <p>Мазмұны: әртүрлі сабақтар өткізу, әртүрлі оқу және тәрбие қызметін атқару барысында ақпараттық және педагогикалық технологияларды пайдаланудың заманауи тәсілдері мен әдістері; білім беру қызметінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері, ерекшеліктері мен тәсілдері</p> <p>Құзыреттіліктері: білім беру міндеттерін шешу үшін заманауи ақпараттық-педагогикалық технологияларды пайдалануға дайын болу.</p>	5
	<b>БЕЙІНДІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ</b>	
	<b>ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ (ТК)</b>	
7.	<b>Көшбасшылық психологиясы</b>	
	<p>Мақсаты: магистранттардың көшбасшылық, оның рөлдері мен қоғам өміріндегі мәні туралы ұғымын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Көшбасшылықтың тарихи мәнмәтіндегі ұғымы. Көсем және көшбасшы. Тарихта тұлға рөлі туралы бірінші даму теорияларының пайда болуы. Көшбасшылықтың философиялық тұжырымдары. Мораль мен көшбасшылық.</p> <p>Құзыреттіліктері: қоғамда қабылданған моральдік және құқықтық нормалар негізінде әлеуметтік өзара әрекетке дайын болу.</p>	5
8.	<b>Пәнаралық білім беру технологиялары арқылы заманауи сыныпты модельдеу</b>	
	<p>Мақсаты: пәнаралық білім беру технологияларын пайдалану негізінде білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.</p> <p>Мазмұны: Жобалық қызметтің пәнаралық білім беру технологияларының құралдарымен жобалық ойлауды дамыту. Қазіргі оқу сабақтарын пәнаралық білім беру технологияларының құралдарымен модельдеу.</p> <p>Құзыреттіліктері: пәнаралық білім беру технологияларын пайдалана отырып, заманауи оқу сабақтарының сценарийлерін әзірлеу.</p>	5
9.	<b>Педагог психологтың кәсіби қызметіндегі білім беру қызметтерінің маркетингі</b>	
	<p>Мақсаты: нарық, сегменттеу, білім беру қызметтері портфелін басқару, баға құру және ілгерілетуді талдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Маркетинг ұғымы. Білім берудегі маркетингтің рөлі. Білім беру мақсаттары мен функциялары. Білім беру қызметтері маркетингінің құрылымдық-функционалдық моделі. Нарық пен тауар ұғымы. Тауарды жетілдіру тұжырымы.</p> <p>Құзыреттіліктері: басқарылатын жүйе жағдайы мен әлеуетін және оның макро- және микроқоршауларын зерделеуге дайын болу</p>	5
10.	<b>Жанартылған білім беру мазмұны жағдайындағы педагогтың басқарушылық қызметі</b>	
	<p>Мақсаты: жанартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби шеберлігін жетілдіру</p> <p>Мазмұны: педагогтың басқарушылық қызметі, басқару қызметінің принциптері. Жанартылған білім беру мазмұнының мақсаттары мен міндеттері. Бағалау критерийлері, формативтік және қорытынды бағалау. Дескрипторлар. Білім алушылардың өзін-өзі анықтауы, өз бетімен білім алуы, өзін-өзі өзектендіруін дамыту үшін жағдай жасау.</p> <p>Құзыреттіліктері: педагогтың басқарушылық қызметіне дайын болу.</p>	5
11.	<b>Жоғары білім берудегі педагогикалық дизайн</b>	
	<p>Мақсаты: заманауи тұжырымдар мен моельдерге оқыту педагогикалық жобалау (дизайн) негізі ретінде</p> <p>Мазмұны: педагогикалық жобалау (дизайн) ғылыми білім аласы ретінде және оқыту ортасын жобалау үрдісі ретінде. Педагогикалық дизайн оқыту ортасын жобалау үрдісі ретінде. Мазмұнды іріктеу принциптері. Пән мазмұнын модульдік құру. Пәндердің электрондық әдістемелік оқыту кешендері.</p> <p>Құзыреттіліктері: сандық оқу материалдарын жобалау .</p>	5
12.	<b>Заманауи педагог психологтың виртуалды ұтқырлығы</b>	
	<p>Мақсаты: әртүрлі типті электрондық ресурстар құру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Мазмұны: ақпараттық ресурстардың ұйымдастырудың негізгі принциптері, материалды жинау, тұтас таңдамаларды бірінші өңдеу, жиналған мәнмәтіндерді екінші өңдеу – ақпаратты алу. Сақтау, қайта өңдеудің негізгі тәсілдері мен құралдарын білу</p> <p>Құзыреттіліктері: кәсіби қызметте пайдаланылатын компьютерлік технологиялар әдістері мен тәсілдерін.</p>	5

13.	<b>Мансап психологиясы</b>	
	<p>Мақсаты:өмір жолы мәнмәтінінде карьераны болжаудың, құрылымдаудың мықты ғылыми базасын құру.</p> <p>Мазмұны:Карьера психологиясының жалпы теориялық негіздері. Карьералық даму формалары мен құрылымының типологиясы. Тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы. Кәсіби даму дағдарыстары. Карьера факторлары. Ұтқырлық, әлеует, белгісіздік заманауи қоғамдағы карьераның негізгі факторлары ретінде.</p> <p>Құзыреттіліктері:карьераны реттеу және оған қолдау көрсету туралы заманауи теориялық білімді жүйелеу және кіріктіру.</p>	5
14.	<b>Педагогтың шешендік өнері</b>	
	<p>Мақсаты:тиімді кәсіби қызмет үшін академиялық сауаттылық пен оның мәні туралы тұтас ұғым құру</p> <p>Мазмұны:Ғылыми саладағы коммуникация ерекшеліктері. Ғылыми стильдің қалыптасу тарихы. Ғылыми тілдің негізгі қасиеттері. Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктері. Ғылыми мәтін: ғылыми мәтіннің параметрлері, мәтіндердің құрылымдық типтері. Сауаттылықты жетілдіру жолдары.</p> <p>Құзыреттіліктері: өз көзқарасын дәлелдеу, магистранттардың орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығын көтеру.</p>	5
15.	<b>Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жобалау</b>	
	<p>Мақсаты:магистранттардың білім беру бағдарламаларын жобалаудың нормативтік-құқықтық базасы мен әдістемелік негізін меңгеруі.</p> <p>Мазмұны:Білім бағдарламасы ұғымы және білім беру бағдарламаларының түрлері. Білім алушының негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру принциптері, жоспарланатын нәтижелері; негізгі білім беру бағдарламасын меңгерудің күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау жүйесінің жалпы сипаттамасы.</p> <p>Құзыреттіліктері:пән бойынша жұмыс бағдарламасын жобалау алгоритмін меңгеру.</p>	5
16.	<b>Білім берудегі мониторинг және статистика</b>	
	<p>Мақсаты: білім алушыларды білім берудегі негізгі мониторингпен және статистикамен таныстыру.</p> <p>Мазмұны:Мониторинг: тарих, мәні, функциялары мен принциптері. Білім беру сапасы мониторинг мәні ретінде. Білім беру сапасын бағалаудың негізгі тәсілдері. Білім беру сапасын бағалау критерийлері мен тәсілдері. Рейтингтік бағалау жүйесі, оның мәні мен артықшылықтары.</p> <p>Құзыреттіліктері:білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша заманауи әдістер мен технологияларды қолданады</p>	5
17.	<b>Кәсіби қарым-қатынас психологиясы</b>	
	<p>Мақсаты:магистраннның кәсіби қарым-қатынас психология саласындағы тереңдетілген кәсіби білімін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны:Педагогикалық қызметтегі қарым-қатынас және тұлғааралық өзара әрекет. Психологиялық құзіреттілік ұғымы. Коммуникативтік процесс құрылымы мен функциялары. Тұлғааралық қабылдау әсерлері. Вербалды және вербалды емес коммуникация құралдары. Вербалды емес қарым-қатынас. Вербалды емес қарым-қатынас параметрлері.</p> <p>Құзыреттіліктері:Кәсіби қызметте этикалық нормаларды сақтау қабілеті.</p>	5
18.	<b>Мұғалімнің имиджін қалыптастыру психологиясы</b>	
	<p>Мақсаты:Педагог имиджін қалыптастырудың теориялық негіздерін, принциптері мен әдістерін меңгеру</p> <p>Мазмұны:Мұғалімнің ерекше имиджі. Педагогтардың өзінің имиджге көзқарасы. Педагог имиджінің формасы. Педагог имиджінің құрылымы. Имидждің құрылымдық компоненттері: жеке мінездемелер, тұлғалық, коммуникативтік, әрекеттік және сыртқы тәртіптік; сыртқы, процессуалдық және ішкі компоненттер. Имидж дербес көрінісі ретінде. Имидж және карьера.</p> <p>Құзыреттіліктері:қабылдаған шешімдер үшін әлеуметтік және кәсіби-этикалық жауапкершілік.</p>	5